

Қаражанов М.Д.,  
Жампеисов Д.Ә.,  
Ахметова А.Ж.

**Квазимемлекеттік және жеке  
сектордағы сыбайлас  
жемқорлықтың  
жағдайын талдау**

Karazhanov M.D.,  
Zhampeisov D.A.,  
Akhmetova A.Zh.

**An analysis of the current  
situation of corruption in the  
quasi-public and private sectors**

Қаражанов М.Д.,  
Жампеисов Д.А.,  
Ахметова А.Ж.

**Анализ текущей ситуации  
коррупции  
в квазигосударственном и  
частном секторе**

Бұл мақалада квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлықтың ағымдағы жағдайына талдау жасалған. Квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу сұрақтары ерекше қаралған, квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстылығының алдын алу шаралары ұсынылған.

**Түйін сөздер:** сыбайлас жемқорлық, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық, жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық, алдын алу шаралары.

---

This article analyzes the current situation in the quasi-public and private sectors. Particularly the issues of regulatory issues of corruption prevention in the quasi-public and private sector, proposed measures for the prevention of corruption-related crimes in the quasi-public and private sectors.

**Key words:** corruption, prevention of corruption, corruption in the quasi-public sector, corruption in the private sector, measures to prevent.

---

В данной статье дан анализ текущей ситуации в квазигосударственном и частном секторе. Особо рассмотрены вопросы нормативного регулирования вопроса предупреждения коррупции в квазигосударственном и частном секторе, предложены меры по предупреждению коррупционной преступности в квазигосударственном и частном секторе.

**Ключевые слова:** коррупция, предупреждение коррупции, коррупция в квазигосударственном секторе, коррупция в частном секторе, меры по предупреждению.

**КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК  
ЖӘНЕ ЖЕКЕ  
СЕКТОРДАҒЫ  
СЫБАЙЛАС  
ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ  
ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ**

Нормативтік деңгейде квазимемлекеттік және жеке секторлардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйелі тәсілді түсіну 2014 ж. Қазақстанда қабылданған 2015-2025 жж. Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын қабылдаудан басталады [1].

Бүгінгі күнде, нормативтік құқықтық акт сыбайлас жемқорлыққа қарсы қанықтыру қолданыстағы заңнаманың көзі және жаңа заңдарды қабылдау болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы Қазақстан заңнамасын жетілдіруге, ең алдымен шетелдік тәжірибені пайдалана отырып халықаралық міндеттемелерді іске асыру мақсатында бағытталған.

Сыбайлас жемқорлық жылдар бойы мемлекеттік экономика секторына тән құбылыс болып есептеліп келген. Логикалық тұрғыдан алғанда халықаралық-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тек мемлекеттік экономика саласында болып есептелген. Халықаралық деңгейде іскерлік және іс атқаратын жеке компанияларда бұл көріністің бар екенін ең бірінші болып мойындаған 1997 ж. шетелдегі сыбайлас жемқорлық туралы АҚШ заңы. Тек бірнеше жылдан соң келесі халықаралық-құқықтық құжаттарда пайдаланған: Еуропа Кеңесінің 1997 ж. сыбайлас жемқорлыққа қарсы 20 қолдану принципі, 1997 ж. халықаралық бизнес операцияларда шетелдік лауазымды тұлғалардың парамен күрес туралы экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Конвенциясы, қылмыстық құқық бойынша Еуропа конвенциясының 1999 ж. кеңесі, 1999 ж. азаматтық сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілік және 2003 ж. сыбайлас жемқорлыққа қарсы Біріккен Ұлттар Ұйымы конвенциясының Еуропа Кеңесінің Конвенциясы [2].

Негізгі институционалды сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалар жазылған негізгі құжат 2003 жылдың 31 қазаңында қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясы болып табылады [3].

Қазақстан үшін аймақтық жемқорлыққа қарсы құжат ТМД елдері арасындағы жемқорлыққа қарсы тұру үшін Мемлекет аралық кеңесті құру жайлы Келісімі болып табылады, ол 2013 жылдың 25 қазанында қабылданды және 2014 жылы 30

маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің №848 жарлығымен бекітілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенцияның 12-бабына сәйкес қатысушы елдер, өзінің ішкі негізгі заңнамасына сәйкес жеке сектордағы бухгалтерлік есеп пен аудит стандарттарын күшейту шараларын қолданады, қажет болған жағдайда ол талаптарды бұзғандар үшін азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық санкциялар қолданады [3].

Осы мақсаттарға бағытталған шараларға келесідегідей іс-шаралар да енеді:

1) құқық қорғау органдарымен сәйкесінше жеке ұйымдар арасындағы серіктестікке қолдау көрсету;

2) жеке ұйымдардағы адамгершілікті, арнамыс кодексінің сақталуына бағытталған стандарттар мен процедураларға қолдау көрсету және коммерциялық кәсіпорындар арасындағы қарым-қатынаста және олар мен мемлекет арасындағы келісім-шарттарда таза коммерциялық тәжірибені қолдануға көмек беру;

3) жеке ұйымдардың жұмысындағы айқындыққа қолдау көрсету, оған корпоративтік ұйымдарды құру және басқаруға қатысы бар жеке және заңды тұлғаларды сәйкестендіру бойынша шаралар;

4) жеке ұйымдардың жұмысындағы заңға қайшы процедуралардың, оның ішінде коммерциялық жұмысқа құқық беретін лицензиялар мен субсидияларға қатысты бұзушылықтардың алдын алу;

5) белгіленген жағдайлар мен мерзімдерде, жеке сектордағы бұрынғы лауазымды тұлғалар кәсіби қызметіне қатысты немесе олардың отставкаға не зейнетақыға шыққан соң, егер бұл лауазым олардың лауазымда отырған кезінде қадағалау жүргізу қызметіне байланысты болса шектеулер қою арқылы мүдделер коллизиясының пайда болуының алдын алу;

6) жеке ұйымдардың құрылымымен көлемін ескере отырып, олардың сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған ішкі бақылау органдарының қажетті тетіктеріне ие болуын қадағалау және мұндай жеке ұйымдардың есепшоты мен қажетті қаржылық тізімдемелері әрқашан қажетті аудит пен сертификациялаудан өтуін бақылау [3].

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты әр қатысушы-мемлекет өзінің ішкі заңнамасы және ережелері мен бухгалтерлік есеп, қаржылық есепті ұсыну, сондай-ақ бухгалтерлік есеп пен аудит стандарттарын реттейтін заңнамаларына сәйкес, сонымен қатар

тыйым салынған әрекеттердің қылмыс деп танылған қажетті шараларды жүзеге асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенцияда келесі жағдайларды жатқызуға болады:

1) ресми емес есеп жасау;

2) есепке алынбайтын және дұрыс тіркелмеген операцияларды іске асыру;

3) шын мәнінде жоқ шығындардың есебін жүргізу;

4) объектісі дұрыс сәйкестендірілмеген міндеттемелерді көрсету;

5) жалған құжаттарды қолдану;

6) заңнамамен көзделмеген мерзімінен бұрын бухгалтерлік құжаттарды қасақана жою.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенция берген нормаларға сәйкес Қазақстан сыбайлас жемқорлықтың тамыры болып табылатын элементтерді анықтау және жою жұмыстарын жүзеге асырып келеді.

Мәселен, 2013-2016 жылдарға арналған заң шығарушылық жұмыстардың тұжырымдамалық жоспарына сәйкес сыбайлас жемқорлықтан туындататын себептер мен жағдайларды минималды көрсеткішіне әкелетін заңнамалық іс-шаралар кешені қолға алынуда. Осылайша көрсетілген жоспарға сәйкес 2016 жылдың бірінші жартысына сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы ұжымдық жемқорлықтың алдын алу, мүдделер қақтығысын жою және кәсіпорындар мен мемлекет арасындағы келісімдердегі таза коммерциялық тәжірибеге қолдау көрсету мәселелерін шешу арқылы жетілдіру көзделіп отыр [4].

Сонымен қатар, осындай шаралардың бірі ретінде Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексіндегі жемқорлыққа қарсы нормалардың қабылдануын айтуға болады [5].

С.Д. Красноусовтың пікірі бойынша, жеке сектордағы сыбайлас жемқорлықтың екі негізгі нысаны бар: лауазымын асыра пайдалану және параға коммерциялық сатып алу, ал бұлар қоғамға қауіптілік деңгейі бойынша этикалық, корпоративтік, қызметтік-құқықтық, азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық нормалардан ауытқу ретінде қарастырылуы мүмкін [6].

Мысалы, параға коммерциялық сатып алу үшін заңдық жауапкершілікті қарастыратын нормалар, П.И. Левченконың пікірі бойынша, коммерциялық және басқа да ұйымдардағы жұмыс тәртібін бұзып қана қоймайды, сонымен қатар оларға ұйымдастырушылық, мүліктік шығын алып келеді және мемлекет пен құқық қорғау органдарының мүддесіне қарама-қайшы келе

отырып басқа да қылмыстардың, соның ішінде жария-құқықтық саласында бастауы болады [7].

Параға коммерциялық сатып алудың тағы бір қауіпті жағы – оның салдары жеке сектор мен мемлекетке залалын тигізуімен бірге бұл қылмыстың жасырындығында екенін айта кету керек.

Осыған байланысты, Қазақстанның Қылмыстық кодексінде параға коммерциялық сатып алуға байланысты жазаларды қатаңдату іске асырылуда. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 253 бабының бірінші бөлігіне сәйкес параға коммерциялық сатып алуға бес мың айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі айыппұл немесе сол көлемдегі түзеу жұмыстары, немесе бес жыл мерзімге дейінгі бостандығын шектеу немесе дәл осы мерзімге бостандығынан айыру қарастырылған [5].

Салыстырмалы түрде қарасақ, алдында күшінде болған Қылмыстық кодексте бұл қылмыс үшін бес жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл немесе екі жылға бостандығын шектеу немесе үш жылға бостандығынан айыру тағайындалатын [8].

Жаңа Қылмыстық Кодекс қабылданғанға дейінгі аса үлкен көлемдегі параға коммерциялық сатып алу үш мыңнан бес мың айлық көрсеткішке дейінгі айыппұлмен немесе белгілі бір лауазымға тағайындалу немесе бір жұмыс түрімен айналысу құқығынан айыру бес жылға немесе төрт жылдан сегіз жылға дейін мүлкін тәркілей отырып бас бостандығынан айыру қарастырылған болатын.

Жаңа Қылмыстық кодекс бойынша аса үлкен көлемдегі параға коммерциялық сатып алу үшін он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге мүлкін тәркілеп бас бостандығынан айыру және белгілі бір жұмыс түрімен айналысу құқығынан бес жыл мерзімге айыру қарастырылған.

Осы орайда, заңнама аса ірі көлемдегі параға коммерциялық сатып алу үшін айыппұлды мүлдем алып тастағанын, ал осы қылмыс үшін бостандығынан айыру мерзімін екі есеге жуық арттырғанын айта кету керек.

Алдын алу сипатындағы ұйымдастыру шараларына келетін болсақ, онда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында ол үшін

«Атамекен» ҰКП үлкен рөл берілген. Әсіресе, құжатта Ұлттық кәсіпкерлер палатасы отандық бизнес мүддесін қорғай отырып, оның тазалығы үшін жауапты болуы тиіс және ұжымдық сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуі керек екендігі жайлы айтылған.

Қазақстан кәсіпкерлер одағы осы бағытта айтарлықтай тиімді шараларды қолдануды бастап кеткендігін айта кету керек. Осылайша, 2015 жылдың 24 маусымында «Атамекен» ҰКП және ҚР мемлекеттік қызмет ісі және жемқорлыққа қарсы әрекет ету Агенттігі арасында кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін жемқорлықтан қорғау мақсатындағы мемлекет пен қоғамның күші біріктіруі жайлы келісімге қол қойылды. Келісімде Қазақстандағы бизнестің дамуына қолдау көрсету және тазалық принциптері қарастырылған, оған мемлекеттік органдардың азаматтар мен ұйымдардың құжаттарын қарау процедурасын қысқарту және жеңілдетуден бастап қоғамдағы жемқорлыққа деген қарсылық мәдениетін енгізуге дейінгі шаралар енеді.

Сонымен, квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында келесі шараларды қолдану керек: кәсіпкерлік субъектілерінің құқығын және заңды мүдделерін қорғау, әкімшілік кедергілерді азайту; қоғамдық бақылауды арттыру және мемлекеттік қызметтер сапасын арттыру; мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік компаниялардың, жеке кәсіпкерлік субъектілері мен Ұлттық палатаның жұмысына айқындық пен тазалықты енгізу, Ұлттық палата мен квазимемлекеттік компанияларда, мемлекеттік органдардағы адам ресурсын басқару жүйесін дамыту; ұлттық заңнама нормаларын қолдану кезіндегі кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттік орган қызметкерлері тарапынан заң бұзушылықтың алдын алу; Ұлттық палата құрамына енетін кәсіпкерлік субъектілері мен ұйымдардың жұмысын жетілдіру; қоғамдағы жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және кәсіпкерлік субъектілерінің сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабуға деген әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру керек.

#### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2015-2025 жылдарға арналған стратегиясы. 2014 жылғы 26 желтоқсанда №986 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген //http://adilet.zan.kz/docs/U1400000986
- 2 Драго Кос (Drago Kos). Роль ГРЕКО и ОЭСР в установлении наилучшей правовой практики по предупреждению коррупции в частном секторе экономики.

- 3 Біріккен Ұлттар Ұйымының жемқорлыққа қарсы Конвенциясын ратификациялау жайлы» 2008 жылдың 4 мамырында шыққан Қазақстан Республикасының №31-IV Заңы
- 4 2013-2016 жылдарға арналған заң шығару жұмысының жоспары. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылдың 9 тамызындағы №610 Жарлығымен бекітілген <http://adilet.zan.kz/rus/docs/>
- 5 Қазақстан Республикасының 2014 жылдың 3 шілдесінде қабылданған №226-V Қылмыстық Кодексі <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K00000226>
- 6 Красноусов С.Д. Коммерческий подкуп как форма коррупции в частном секторе: понятие и противодействие: Автореферат дисс. ... канд. юрид. наук. 12.00.08. – Владивосток, 2012. – 27 с. – С. 8.
- 7 Левченко П.И. Криминологическая и уголовно-социологическая характеристики коммерческого подкупа // Юрист-правовед. – 2014. – 5 (66). – С. 121-124.
- 8 Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 16 шілдесінде қабылданған №167, Қазақстан Республикасының 2014 жылдың 3 шілдесінде қабылданған №226-V күшін жойды.

#### References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn sybajlas zhemkorlykka karsy 2015-2025 zhyldarga arналган strategijasy. 2014 zhylygy 26 zheltoksanда №986 Kazakstan Respublikasy Prezidentinin Zharlygyмен bekitilgen // <http://adilet.zan.kz/docs/U140000986>
- 2 Drago Kos (Drago Kos). Rol' GREKO i OJeSR v ustanovlenii nailuchshej pravovoj praktiki po preduprezhdeniju korruptcii v chastnom sektore jekonomiki.
- 3 Birikken Ulttar Ujymynyn zhemkorlykka karsy Konvencijasyн ratifikacijalau zhajly» 2008 zhyldyn 4 мамырында shykkan Kazakstan Respublikasynyn №31-IV Zany
- 4 2013-2016 zhyldarga arналган заң шығару жұмысынyn zhosпары. Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2013 zhyldyn 9 тамызындағы №610 Zharlygyмен bekitilgen <http://adilet.zan.kz/rus/docs/>
- 5 Kazakstan Respublikasynyn 2014 zhyldyn 3 shildesinde kabyldangan №226-V Kylmystyk Kodeksi <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K00000226>
- 6 Krasnousov S.D. Kommercheskij podkup kak forma korruptcii v chastnom sektore: ponjatie i protivodejstvie: Avtoreferat diss. ... kand. jurid. nauk. 12.00.08. – Vladivostok, 2012. – 27 s. – S. 8.
- 7 Levchenko P.I. Kriminologicheskaja i ugovovno-sociologicheskaja harakteristiki kommercheskogo podkupa // Jurist-pravo-ved. – 2014. – 5 (66). – S. 121-124.
- 8 Kazakstan Respublikasynyn 1997 zhyldyn 16 shildesinde kabyldangan №167, Kazakstan Respublikasynyn 2014 zhyldyn 3 shildesinde kabyldangan №226-V kyshin zhojdy.